

*Кәмпеске кезіндегі ОГПУ-ға жетіп тұрған мына хабарлар осы кезге дейін жабық болған, енді ашылған деректер көздерінен алынды. Мұндай деректер мын сан. Ашылмай жатқаны қаншама... Біз олардың тек Қызылорда облысына қатысты бірнешеуін ғана беріп отырмыз. Деректерде аты аталғандардың басым көпшілігі – кейін репрессияға ұшырағандар, жазаланғандар... Лайым, елімізде енді мұндай зұлматтар, «жеткізушілер» мен хабарлаушылар» болмасын.*



...Қызылорда ауданының №5 ауылының байы Ержан- Данов алдағы болатын тәр-кілеу жайлы естіп, малын ресми- түрде балаларына боліп берген, осындай жолмен өзін кедейлердің қатарына қоспақ болған. Ауыл-дастарына Данов: «Енді маған келе берсін, мен де жұрт сияқты пролетариймін» деген. Болісуді заң жүзінде жасаған, бірақ

балаларымен бірге тұрады. Барлық малын, яғни 450 қой, 35 түйе, 25 жылқы және 30 бас ірі қараны балаларына тән етіп бөліп берген.

...Теренозек ауданының №7 ауылының байы Жүргамбет Нұржанов алдағы уақытта болатын кәмпескелеуді естіп, осы ауылдың ауыл-советінің төрағасы туысканымен келісіп мал-мүлкін бөліп берген, әйелін өз алдына мал мен шаруашылық иесі етіп бөлек шығарған.

...Шиелі ауданының №10 ауылының байы Махамбетов барлық малының 2/3 бөлігін 5-6 бастан ауылындағы кедейлерге уақытша пайдалануға берген, осы жолмен кәмпескелеуден құтылмақ болған.

...Қызылорда округінің бұрынғы Сұлутөбе болысының №1 ауылының байы Сейіт-Мәмбет Нұркеев осы жылдың шілде айының ортасында кәмпескелеуден қашып, малын жасырмақ болып қолындағы 800 қойының 500-ін Қызылқумға айдап әкетті.

...Қызылорда округі Шиелі ауданының №16 ауылының байы Бәйімбет Мамыков бұрынғы Сұлутөбе болысының №1 ауылының байлары Әбдіқадыр және Ибашпен келісіп, малының 2/3 бөлігін мал санын билік-тің көзі қормесін деп, кәмпескелеуден жасыру үшін Сырдария өзенінің он жағалауына айдап әкеткен.

...Кызылорда округінің Теренозек ауданының №1 ауылының байы Абердин Ниязов байлардың арасында малды сатуға үгіттеп жүр: «Бізге, байларға тез арада малды сатып ақшасын сенім-ді жерге жасыру керек, әйт-песе бәрібір биыл малды тартып алып, өзіміздің кедейлерге таратып береді». Оған таныстары «өзін неге солай етпей жүрсін?» дегенде, Ниязов келесі күні 400 бас қойын Кызылорда базарына айдап әкеліп сатты да, қалған малын – 600 қойын, 30 жылқысын екіге тең болген.

...Алдағы кәмпескелеуге байланысты үрей жетегіне түскен элементтер қазақ халқын «тонағысы келген» кенес үкіметіне қарсы жамандықтар айтып қарғап-сілеуде. Мысалы, «Кызылорда ауданының 8-ші ауылының атқамінері Сейіт Нархожин үйіне қонған Қожанов атындағы интернаттың мұғалимасы Жалмұхамедоваға былай деген: «Үкімет қолпелі халықты тонайын деп жатыр деген сөз бар, қарғыс атсын мұндай өкіметті. Бұл үкімет тек қамау мен тонауды біледі, ұнағанын тартып алады, әртүрлі алым мен салықтың астында қалдырды. Сен оқыған адамсың ғой, бәрін жақсы түсіне-сің, қалада болған кезінде байқашы, тонау қалай жүріп жатыр? Биыл даланың адамдарын тәркілеу басталатыны рас па екен, рас болса маған хабарла, мал мен мүлкімді алдын ала жасырайын».

Биылғы жылдың шілде айының басында Нархожин баласын заңды түрде бөлек шаруашылық етті (бірақ шын мәнінде бірге тұрады).

...Кызылорда ауданының №1 ауылының байы Атибеков ескі Бұқараға 150 қойын айдап апарып сатқан.

...Шиелі ауданының №18 ауылының байы Жәрімбетов те сол жакка барып 150 койын саткан. №17 ауылдын байы Есенжолов та тамыз айында сол жакка малын айдап, 500 койын саткан. Кызыл-күм даласының байлары озара сойлесіп, салкын күн-дер түс-кеннен кейін Озбекстанга бір кора малды айдап баруга келісіпті.

...Кызылорда округі Те-рен-озек ауданының №1 ауы-лының байы Ниязов малдарын сатып, түскен акшасына күміс тенгелер мен мануфактура сатып алган. Бай ауылдастарына да осылай етуге кенес беріп жатыр.

...Кызылорда округі Шиелі ауданының №20 ауы-лының байы Әбдікожаев кәмпескелеу болады деген әнгімелерден сон колындагы бар малын бес інісіне таратып берген, бұл әрекетін шындыкка жакындату үшін інілері үлестеріне тиген малдары-на оз танбаларын баскан.

...Кызылорда округі №22 ауылының байы Жеренов «Енбекші казактан» кәмпескелеу жайлы оқып, алыстагы Кызылкүм даласындагы таныс- байларга адам жіберіп, хат жазып-, жакын уакытта кәм-пескелеу басталатынын ескерткен, даланын алыс түк-піріне, үкіметтін адамдары жете алмайтын жерлерге кошіп кетуге кенес берген. Кызылорда округінің бір-неше аудандарының байлары кәмпескеден коркып Каракүм мен Кызылкүмдагы кошіп жүргендермен хат жазысып, малын ұстап бага түруды, оздерімен бірге ко-шіп жүруге рұксат сұраган. Кейбір байлар округтік ат-кару комитетінде жұмыс істейтіндер аркылы кәмпескенің нақты басталатын күнін білуге әрекеттенген.

...Шиелі селосынын (Кызылорда окр.) тұрғыны Василий Яровенко (ауқатты) Данилов деген азаматпен әңгімесінде былай деген: «Кенес үкіметі шаруаларға тыныштық омір бермей отыр, ай сайын бірдемені ойлап- табады, біресе заем, біресе салықты кобейтеді. Онын азабын коретін шаруа. Салыкпен жон терімізді сыдыр-у аз болгандай, енді байдын малын кәмпескелеу-ді ойлап тауыпты, мұнысы тыныштыкпен бітпейді, кәмпескені ойлап тапқандар онын «қызыгын» кореді».

...Шиелі ауданынын (Кызылорда окр.) бұрынғы болысы, №6 ауылдын байы Коптай Алғымбаев осы жылдын қыркүйек айынын басында дастарқанына озінін руластарын жинап, оларға былай деген: «Биыл кошпелі халықты үлкен бакытсыздық жайлады, Кенес үкіметі казак халқынын ен жаксы-жайсандарын тонап жатыр, осылай колымызды буып отыра берсек-, үкімет бұл жұмысын табыс-пен жасайын деп отыр. Сендер қалай етсендер оз еркіле-рін, мен винтовкамды дайындаймын, онын бүгін-ертен пайдасы тиіп қалуы мүмкін». Қатысушылар Алғымбаевтын бұл сөзін қолдама-ды, себебі кенес үкіметі мықты, оған қарсы тұру пайдасыз.

...Кызылорда округі Шиелі ауданынын №5 ауы-лынын байы Арыстанбай Жолтаев осы ауданнын №16 ауылынын азаматы Есеновпен кәмпескелеу жайында былай деген: «Дала қазір дүбірдің алдында, дала бір үлкен іске дайындалып жатыр. Бұл дайындықтың ақы-ры коммунистерді ондырмас. Мен 6 жылдан бері винтовкамды тыгып қойған жерге-қоз салмап едім. Жакын-да оны қолға алдым, себебі қажет болайын деп тұр».

...Теренозек ауданынын (Кызылорда окр.) 7-ші ауы-лынын азаматы Мүсірепбеков (Нұржанов деген байдын ағасы) осы жылдын 12 қыркүйегінде Теренозек қыстагынын азаматы Федяевпен әңгімесінде оған ҚазЦИК торағасы Ерназаров жолдасқа Нұржанов байдын малын тәркілеуді тоқтатсын деген отініш жазып беруін сұраған. Мүсірепбеков сонымен бірге: «Нұржанов арызын тап-сырған кезде Ерназаровқа 3000 рубль береді,

менінше ол Нұржановтың отінішін орындауы тиіс. Ол бұл акша-ға келіседі, себебі 3000 рубль үшін ол екі жыл қызмет етуі керек» деген. 7 қыркүйекте Нұржанов Қызылорданың базарында 50 қойын сатқан, жақын күндері қолындағы түйелерін сатпак ойы бар.

...Қызылорда округінің №2 ауылының бір топ байлары мен орташалары жақын ауылдардағы кәмпескелеу комиссиясының малды тәркілеп жатқанын көріп, малдарын арзанға қолға сатып- жатыр. Мысалы, Сейіт Нұрмағанбетов деген бай 8 жылқысын 150 рубльге сатқан. Осындай топтар тәркіленуге түседі деген бар малын қазан айының ортасында Озбекстанның базарына айдап- апарып саудаламақ.

...Қызылорда ауданының №4 ауылының байы Байжан Талашев (тәркіленуге жататын) ауылсоветтің төрағасымен келісіп, малын өзін қолдайтын ауылдастарына боліп берген, содан кейін ауылдық кеңестен 100 қойы бар деген құәлік алған. Малды бәрібір тауып алады ғой деп айтқандарға: «Менің малым құрымайды, олар сенімді қолда, коммунистерге түкіргенім бар, олар маған ештеңе істей алмайды, себебі орташа-ларды жер аударсын деген заң жоқ».

...Бұрынғы Сұлутөбе болысының (Қызылорда округі) №15 ауылының атқамінері Нұртаза Шоқаев және оның немере ағасы Мырзеке Қалымбетов аukatтылардың арасында Парижде жүрген Мұстафа Шоқаевтың жазған хаттарында айтқандарын тарат-ып жүр, жақын уақытта қазақ халқы үшін орыс халқының қанауынан босайды. Ал осы байлар өткен маусым айында Мұстафаға алдағы уақытта болатын кәмпеске туралы жазыпты-мыс. Мұстафа Шоқаев оларға былай деп жауап беріпті: «Егер коммунистер кәмпескелеу жүргізсе, оған қол қайғырмандар, себебі сендерден тартып алынған мал кеңес үкіметі Қазақстаннан қуылған сон қайтарылып беріледі, ол уақыттың күні алыс емес».

...Казалы аудандық милициясының бастығы Оспан Толеков өз ауданының байларымен тығыз байланыста, байлардан сыйлық алып тұрады, кәмпескелеу кезінде өз туыскандарын кәмпескеден аман алып қалуга тырысады. Мысалы, Айсықұлов деген бай Толековқа бір жыл-қы-, бағасы 70 сом тұратын күміс белбеу және 50 сом сыйлады. Осындай істердің ар-қасында №8 ауылдың байы, Толековтың інісі Омар Толеков кәмпескелеу кезінде ағасының көмегіне сеніп отыр. «Оспан комиссия мүшесі ретінде №5 ауылға кетті, қолынан келгенінше біздің шомекейліктерге жамандық жасамас, осылай деп өзі де айтып кетті», «уайымдама, біздің Оспан комиссияның мүшесі, өз адамдарына жамандық жасамайды».

...15 қыркүйек күні Қызылорда округі Шиелі ауданының №11 ауылының атқамінерлері Малитбеков Сарбас пен Сыздық, Малибеков Омархан және Шанабай (тегі белгісіз) кәмпескелеу комиссиясының келуінен бір күн бұрын ауылдың кедейлері мен батырақтарын жинап, ауылындағы байлардың мүлкін комиссияға бермендер деген. Қатысушылардың бірі Сартай Ташиметов деген батыр-ақ оған келіспей: «Егер біз қанаушыларды қорғайтын болсақ онда үлкен қылмыс жасаймыз, мен қатысушылардың барлығын комиссияға көмектесуге шақырамын, мен байлар туралы не білетінімді өзім айтып бере-мін» дегенде атқамінерлер Сартайға ұмтылып, жұрттың көзінше оны бір-екі рет қамшымен тартып жіберген. Қалған кісілерге атқамінерлер: «егер кімде-кім байларға қарсы аузын ашатын болса, ондай адам рудан аластатылып жоқ етіледі» деген. Келе-сі күні Шиелі аудатқомына келіп болған жайды айтқан. Комиссия осы арыздың негізінде екі атқамінерді тұтқындады, бірақ ауылда осы оқиғаны тексерген кезде арыз беруші мен куәлар бұл жанжал екеуара жеке бастың кикілжіні деп арыздарынан бас тартқан.

...Қызылорда округінің Қаракүмдағы байлары малдың бағасының арзандап, оған сұраныстың азайып бара жатқанын байқап, малын неси-еге сата бастаған. Осындай 91 дерек тіркелді.

...Кызылорда округі Шиелі ауданынын байлары- малы мен мүлкін тәркілеуден аман алып калу максатында кедейлерді үгіттеп, үйлеріне той-жиын-дарга шақырып конілдерін алып, «тәркіленген мал кедейлерге таратылмайды, Кызыл Армияға етке жіберіледі» деп айтып жүр.

...№8 ауылдын (Жанакорган) жер аударылған байы Бидаш Изеевтің баласы Бектүрсын Бидашев комиссия мүшелерінің арасында «кәмпескеленген заттарды тауып бергендерінен бәрібір үкімет кедейлерге бермейді, үкімет оларды совхоздарға береді-» деп үгіт жүргізді. Жасырылған малды табу кезінде мұндай создердің маңызы зор болды, себебі Бектүрсын Бидашев жер аударылуга жатпайды, ауылдын ішінде абыройы үлкен еді. Осы жағдайға байланысты іс-шаралар қабылданып, Бектүрсын Бидашев кеңес үкіметіне қарсы жүргізген үгіт жұмыстары үшін қамалып жауапқа тартылды. Алғашқы кездегі түсіндіру жұмыстарын жүргізу кезінде- мынадай кемшіліктер болды: №8 ауылдын ауылсоветінің төрағасы Рысбеков (партия мүшесі, әлеуметтік жағдайы кедей) конференция өткеннен кейін бір күннен соң оқалауымен Изеев Бидаш- байдың үйіне барып, оның жер аударылуга жата-тындығын ескерткен. Изеев бір қара қойды сойып, ескерткені үшін уақытша пайдалануға деген- желеумен- Рысбековке бір атын береді.

Келесі мысал да партия мүшесімен (қызметі жоқ) болған, ол да сәтті жағдайды пайдаланбақ болып ауданнан оқ ауылының орташа малшысының үйіне келіп, оған «малының саны 25 бастан артық қисі-лердің малын кеңес үкіметі тартып алады, сол себеп-тен де сен бір қара қойынды сой (күрбандыққа шал), енді қоріп отырсын қой, мен партия мүшесі ретінде сенің малыңды тәркілеу мен өзінді жер аударудан құтқарамын, егер сен күзгі қыркым жұнінді маған берсен» дейді. Түсіндіру жұмыстары жүргізілген кезде- біздің ауданда осындай оқиғалар орын алды, мұндай оқиғалар болған жерлерге дереу барып, бай-феодалдардың мал-мүлкін кәмпескелеудің мақсаттарын түсіндірудің нәтижесінде тез жойылып отырды.- Жоғарыда аталған жолдастар қызметтерінен алынып, істері РКК-ға берілді.



...№2 ауылда түсіндіру науқанын аудандық батырақ-тар комитетінің торағасы Ж.Ерубаев жүргізді. Түсіндіру жұмыстарын аяқтағаннан кейін оның баяндамасын аудандық комиссияда тыңдады, баяндамасы бойынша науқан керемет өткен, оның ауылында бай да жоқ, атқамінер де жоқ. Артынша №2 ауылдың науқанға көмектесу комиссиясының мүшелері, екі кедейден арыз түсті. Арызда аудандық уәкіл Ерубаев бастаған комиссия мүшелері 3 байдан 500 сом ақша алып, №2 ауылда жер аударуға жататын байлар жоқ деп қаулы шығарған. Сонымен бірге Ахметов деген осы ауылдық комиссиясының мүшесі №1 және 11 ауылдың комиссия мүшелеріне «біз осы ауылымыздың байларын ауылымызда байлар жоқ деп аман сақтап қалдық» деп мазақтап келіпті. Бұл болған жағдай, болған жерге барып осы көзімізбен көрдік. Бұл адамдардың барлығы түпкындалды, істері тергеушілерге тексеруге жіберілді.

...Аудан бойынша 6 бай анықталды: 1. Бидаш Изеев, №8 ауыл, 8 жан, ірі қараға шакқанда 353 бас малы бар. 2. Сердалы Бидашев №8 ауыл, 12 жан, ірі қараға шакқанда 234 бас малы бар. 3. Ербісбек Бавашев, №1 ауыл, 15 жан, ірі қараға шакқанда 320 бас. 4. Өліп Толқымбаев №11 ауыл, 10 жан, ірі қараға шакқанда 246 бас. 5. Жантөре Аралбаев, №12 ауыл, 5 жан, 61 бас. 6. Жәнібек Түрсынбаев, №12 ауыл, 20 жан, ірі қараға шакқанда 635,5 бас. Бүкіл аудан бойынша ірі қараға шакқанда 1849,5 мал табылып таратылды. Аталған 1849,5 мал былай таратылды: 90 жеке шаруашылыққа – 143 түйе, 246 жылқы, 50 ірі қара, 4 есек, 641 қой, 286 ешкі (бәрін ірі қараға шакқанда 494,5 бас), 1 киіз үй және 2,5 киіз үлестірілді. № 1, 11 және 8 ауылдарда жанадан ұйымдастырылған 4 колхозға (мүшелерінің саны 164) таратылды: 140 түйе, 155 жылқы, 274 мал, 8 есек, 1590 қой, 1397 ешкі, 3 киіз үй, 5 киіз. Барлығы ірі қараға шакқанда 977 бас. Бұрын ұйымдасқан 3 колхозға ортақ пайдалануына: 39 бас түйе, 34 жылқы, 2 өгіз, барлығы ірі қараға шакқанда 75 бас берілді. Кабылдау-откізу акті бірге тігілді. Жанакорған ауданында совхоздар жоқ, сондықтан аудан агрономына совхоздарға тарат деп: 3 түйе, 22 жылқы, осы жылқының бір үйірі (10) бөлініп берілді, 2 бас қой, 1 ешкі, 1 серке, жиынтығы ірі қараға шакқанда 26 бас. Кабылдау-откізу актісі барлық малдың түс белгілерімен және денсаулығының жағдайымен қоса тігілді. Ауыл шаруашылығы салығы үшін деп 701 қой, 10 бас түйе, 4 ешкі, ірі қараға шакқанда барлығы 158 бас бөлінді. Бакташыларға жалақы үшін ірі қараға шакқанда 14,5 бас және өртүрлі аурудан 9,5 бас олды. Алты киіз үй барлық болшектерімен және 16 кілем сақтауға қалдырылды, кабылдау-откізу актісі бірге тігілді.

Жанакорған ауданы бойынша уәкілдер **Ерденбаев, Каратаев**

*АП РК. Ф. 141. Оп. 1. Д. 2058. Л. 130-160. Растал-ган кәшірме.*

**С.ЕСМАХАНҮЛЫ**